

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА  
IMS OF LN GUMILYOV ENU  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ  
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ  
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE  
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ  
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»  
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ  
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

*Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының*

**ЕҢБЕКТЕРІ**

**ТРУДЫ**

*Международной научно-практической конференции*

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ  
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ  
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

*Works of the international scientific- practical conference*

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS  
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE  
OF TURBULENCE»**

**2 часть**

**2015**

**Астана**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5  
Ә 52

### Редакция алқасы

*МАДИЯРОВА Д.М.* – төрағасы, э.ғ.д., профессор  
*РАХМЕТУЛИНА Ж.Б.* – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі  
*АХМЕТЖАНОВА С.Б.* - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты  
*АЗАТБЕК Т.А.* – э.ғ.д., профессор  
*ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М.* – э.ғ.д., профессор  
*РАИМБЕКОВ Ж.С.* – э.ғ.д., профессор  
*ШАЛБОЛОВА У.Ж.* – э.ғ.д., профессор  
*КӘРІБАЕВ Ә.А.* - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»  
*СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ.* - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры  
*ТЛЕСОВА Э.Б.* - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешекономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

**ISBN 978-601-301-521-7**

УДК 339.9(063)  
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015  
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

**ISBN 978-601-301-521-7**

## ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТҮСІНІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

А.Қ. Махамбетжан, А. Хойч

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық  
Университеті, Астана қ., Қазақстан

Қазіргі таңда нарықтық экономиканың дамуымен әлемнің көптеген елдеріндегі экономикалық өсу табиғи-ресурстық әлеуетті үдемелі пайдаланумен, қоршаған ортаға техногенді және антропогенді әсер етудің нәтижесінде экологиялық жүйелердің бұзылуымен қатар жүруде. Бүкіл әлемдегі экологиялық дағдарыстың күшеюі теңдестірілген экономикалық өсуді қалыптастыруды өзекті мәселеге айналдырып отыр және ол экономикалық жүйені ұзақмерзімді уақыт аралығындағы тұрақтылық тұрғысынан зерттеуді талап етеді.

Сонымен бірге, өткен ғасырға дейін қоғамда экология ғылымын өсімдіктер мен жануарлардың өзара және қоршаған ортамен қарым – қатынасын зерттейтін биологиялық ғылымның саласы ретінде санаған. Оны экономикамен байланысының тығыздығына аса мән берілмеген. Дегенмен уақыт өте келе, XX ғасырдың ортасында, шикізат көзінің, табиғи ресурстардың сарқыла бастауына байланысты ғалымдар: «экология – қоршаған ортадағы организмдер жөніндегі ғылым, ал адам – басқалары сияқты организм, онда неге адам мен қоғамды қоршаған ортаның, табиғаттың мүшесі ретінде зерттемеске?» - деп сауал қоя бастады. Және де экологтар мен экономистер арасында қоғам сол өзінің үйі – табиғатты бұзбастан дамуы керек, керісінше табиғатты сақтап, үнемдеп, одан әрі бекіту керек деген пікір орын алды.

Осылайша, экология экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және басқа да гуманитарлық бағыттармен толықтырыла бастады, олар өз кезегінде әлеуметтік экологияға біріктірілді. Онда 70-80 жылдарда негізгі кілт түсінік, өздігінше код, шифр ретінде – «тұрақты даму (sustainable development)» түсінігі пайда болды.

Экономиканы тұрақты дамытудың басты мақсаты — дамыған, өркениетті ел қатарына қосылумен бірге, мемлекет ішінде баршаға барынша мүмкіндіктер беріп, әрбір адамның бостандығы, еңбектің барлық түрін қадірлейтін, зейнеткерлер мен ардагерлерді қоғамдық қамқорлыққа бөлейтін және экологияны қорғайтын қоғам құру. Ал, экономиканың тұрақты дамуы тарихи ұғым. Қоғамның даму барысындағы кезеңдерде бірнеше экономистердің көзқарастары бар. Сондықтан, осы мәселелерді қарастырып барып, оның бүгінгі дамуына жол көрсету басты мақсат болып табылады.

«Sustainable development» тұрақты даму термині экономикалық теорияда экономикалық және экологиялық қауіпсіздікті, шектелген ресурстардың қайта қалпына келуін және экономикалық өсудің сапасын қамтамасыз ететін

экономикалық даму түрін сипаттау үшін қолданылады. Өсудің сандық факторларынан сапалық факторларына өту тұрақты экономикалық даму құрауыштарын зерттеуді қажет етеді. Осыған сәйкес нарықта экономикалық өсумен бірге экономикалық даму терминдері қалыптасқан.

«Экономикалық өсу» түсінігін тұрақты экономикалық даму шеңберінде қарастырайық. «Тұрақты даму» терминінің өзі бұл жерде негізгі рөлдің динамикалық құрауыштарға бағытталғанын білдіреді. Сөз уақыттың дәл осы мезетіндегі жағдай емес, ілеспелі жағдай жөнінде болып отыр, яғни, қоғамның дамуы аясында оның әл-ауқаты азайып немесе өзгеріссіз қалмауы керек. Бұл дегеніміз «тұрақты даму» түсінігінде бір мезеттік жетістік көзделмейді, керісінше ұзақ уақыт сақталатын, қоғам өмірінің сапасын қамтамасыз ететін, ұдайы өсіп отыратын экономикалық өсу көзделеді. Тұрақты даму мен экономикалық өсу терминдеріне ортақ нәрсе – ол «тұрақтылық» терминінің мағыналық сипат ретінде қолданылуы, сондай-ақ екі түсініктің де экономикалық жүйені толық зерттегенде макроэкономикалық бағыттылығы болып табылады [1].

Қазіргі батыстық нарықтық экономикалық теориялардың көпшілігі тепе-теңдік талдау негізінде қалыптасқан. Бірақ, көптеген жылдардағы тәжірибеге сүйенсек, динамикалық жүйе ешқашан тепе-теңдік жағдайында ұзақ мерзімде сақталып қала алмайды.

Дж. Р. Хикстің көзқарасы бойынша, “тұрақты жағдай” түсінігі қазіргі экономикалық пікір жүйесінде үлкен рөл атқаруда. Тұрақты жағдай динамикалық жүйедегі ерекше оқиға болып табылады. Ол адамдардың талғамдары, техникалық даму деңгейі және ресурстардың саны белгілі бір уақытта өзгермейді деген негізде қалыптасқан [2]. Шындыққа келсек, ішкі және сыртқы жағдайлардың ұдайы өзгеріп тұруына байланысты жүйенің тепе-теңдігі бұзылып отырады. Нарықтық экономика механизмінің қызметін талдауды “жалпы экономикалық тепе-теңдік” түсінігі жай формальді емес, мазмұнды болып келеді [3].

Қоғам мен табиғаттың арасындағы тепе-теңдік мәселелері өткен ғасырдың 20-шы жылдары А.Богданов пен Н.Бухариннің жұмыстарында талқыланған деп көрсетеді И.Кучин [4]. Қоғамның даму барысы, оның өндіргіш күштерінің өсуі, экономикалық базис және оның қондырмасы, сондай-ақ, олардың тікелей және кері байланыстары, өзара әсер етулері қоғам және қоршаған ортаның қарқынды қатынастарынан объективті түрде туындайды.

Бұл тұжырым Дж.Форрестер мен Д.Медоуздың математикалық талдауларының негізін құрады. В.А.Коптюк БҰҰ-ның қоршаған орта және даму туралы мәселелерін түсінуде маңызды тұжырымдар жасады деп жазды. Ол қоршаған ортаны қорғау мен экономикалық даму мәселелерін шешудің тығыз байланыста екенін ұғындырды, экологиядан бөлек дамыған экономика жерді қу далаға айналдыруда, ал экономиканың дамымауы экологияны қайыршылық күйге түсіреді деген ойды тудырады.

Тұрақты дамуды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамудың жиынтығы ретінде қарастыру керек. Бұл ретте тұрақты даму экономика өсуінің тек қана жағымды жақтарын қамтымайды, экологиялық және әлеуметтік

шектеулермен шарттастырылған жағымсыз жақтарын да қамтып отырады. «Тұрақты экономикалық өсу» мен «тұрақты даму» түсініктері арасындағы айырмашылық тұрақты өсу дискреттілігіне қарағанда циклдық ауытқулар амлитудасы орын алғанда экономикалық тұрақты даму кезінде экономика өсуінің нөлдік және теріс мәндері болуы мүмкін. Белгілі бір ұзақ уақыт аралығынан кейін экономиканың тұрақты өсу тенденциясы оның тұрақты дамуын және жалпы экономика векторының бағытын анықтайды [1].



1 сурет – Тұрақты даму теориясының құрауыштары

Осы жоғарыда аталған салаларға сәйкес тұрақты дамудың құрауыштары:

*Әлеуметтік тұрақты даму* – бұл даму қорларды пайдаланудағы адамдардың тең құқығын қамтамасыз ету мақсатында және тиісті әлеуметтік әділеттіліктерге бағытталған. Әлеуметтік капиталдың ең маңызды түрлері болып, әлеуметтік амандық, мәдени даму, тәртіп және т.б. саналады.

*Экономикалық тұрақты даму* – адаммен жасалған сүйемелдеу капиталы, адамдық капитал (соның ішінде ақпараттық және мәдениеттік) және табиғи капитал. Мыналардың жанында қоршаған орта күзетіне шығындардың экстернализациясынан кету қажет.

*Экологиялық тұрақты даму* – адамдардың амандығы шикізат қайнарларын сақтау және қоршаған ортаны ластанудан қорғауды қамтамасыз ету.

Тұрақты даму концепциясының маңызды басталу көзі Рим клубының баяндамасы болып табылады. Рим клубы — 1968 жылы италияндық экономист, қоғам қайраткері және бизнесмен А. Печчеи бастамасымен құрылған мемлекеттік емес халықаралық ұйым, ол адам тіршілігінің негіздерін қозғайтын ғаламдық проблемаларды: қару-жарақпен жарактану жарысы және ядролық соғыс қаупі, қоршаған ортаның ластануын зерделеу бағдарламасына бастама болған.

1972 жылы Рим клубының тапсырысымен қоршаған ортаны қорғау бойынша американдық зерттеуші Донелла Н. Медоуз бастаған Деннис Л.

Медоуз, Джорден Рандерс, Вильям В.Беренс "Өсу шегі" атты баяндама басылымға шықты. Онда алғаш рет табиғи ресурстардың сарқылғандығы (мұнай, газ, рудалар және т.б.), индустрияның өсуі өз шегіне жеткендігі және әлемнің тұрақты дамуының жаңа тұжырымдамасының қажеттілігі көрсетілген. Нәтижесінде көптеген әлем елдерінде қоршаған ортаны қорғау туралы заңдар қабылданды, ірі қалалардан өнеркәсіптік өндірістерді көшіру, зиянды өндірістерді жабу (көмір шахталары, тілімдер, карьерлер және т.б.) және басқалар басталды [8].

1987 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Дүние жүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «Қоршаған орта үшін қауіпсіз жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Осында алғаш рет «Тұрақты даму» концепциясы ұсынылды.

1992 жылдың маусым айында Рио – де – Женеиро қаласында өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Дүние жүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің ортақ болашағымыз» атты конференциясы «Тұрақты даму» конференциясын және «XXI ғасырдың күн тәртібіне» атты ауқымды бағдарламасын қабылдады. Бұл бағдарламада шешілуі болашақта тұрақты дамуды қамтамасыз ететін жалпы мәселелер қарастырылған.

Сонымен, *Тұрақты даму концепциясы* – бұл дамуда қоршаған орта факторлары, әсіресе экономика ескеріледі. Тұрақты даму концепциялары өркениет тарихында өте маңызды лайықты талаптар туралы дамудың негізі болатын принциптерді келтіреді:

- табиғат және қоғаммен аралық теңдік;
  - қоғам ішіндегі теңдік кезеңдегі даму (бөлек елдер мен олардың аймақтары, өркениеттер мен ірі дүние жүзілік агломерациясы);
  - адамзаттық қазіргі заманғы және келешек жағдайының аралық теңдігі.
- Келешек ұрпаққа арналған табиғи қорлардың тіршілігін сақтауы.
- егер адамзат ақылға табиғат пен өз меншік өмірін бағындырса, онда бақытын табады.

Демек, ұлттық экономиканың, яғни, елдің тұрақты дамуы дегеніміз қолдағы бар ресурстармен қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне ешқандай зиян келтірмейтін даму болып табылады. «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасына сәйкес, тұрақты даму екі негізгі түсініктен тұрады:

- қажеттіліктер түсінігі, негізінен бірінші деңгейлі басымдық нысаны болып табылатын халықтың кедей топтарының өмір сүруі үшін қажетті қажеттіліктер;
- шектеулер түсінігі, ол қоршаған ортаның қазіргі және болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетіне таралады және қоғамның ұйымдастырылуы мен технология жағдайымен шарттастырылады.

Сәйкесінше экономикалық және тұрақты даму міндеттері оның барлық мемлекеттерде – экономикалық дамыған немесе дамушы, нарықтық немесе жоспарлы экономикалы елдерде – тұрақтылығын ескере отырып анықталуы керек. Оны іске асырудың нақты тәсілдері, әрине, әртүрлі болады, дегенмен

олар жалпы ортақ қағидалы сипатқа ие болуы және негізгі тұрақты даму тұжырымдамасына қатысты келісіліп, кең ауқымды стратегияға енуі тиіс [10].

Қорытындылай келе, қазіргі жаһандану дәуірінде әлемде бәсеке өте көп, ал келісу мен ынтымақтастық өте аз. Өнегелі принциптерге қандай болмасын бірлесіп әрекет қылған мемлекет ермейді, оларды негізінде саясатшылар түсінігі бойынша шектелмеген ұлттық мүддеге жатқызады. Барлық мемлекеттердің өзіне меншікті назарлары жалпы зиянға түседі және оны нақты өзінің бар күшімен қорғайды. Ердің құны болса да тұрақты дамудың ұлттық стратегияларының жалпы мақсаттары барлық қозғалыс бағдарламасына ұқсас емес. Дүниежүзілік реттің құрылуы барлық келісілген тұрақты дамуға жатпайды, ал Ұлттық стратегиялық өлшемдерімен әлеуметтік дағдарыстың дамуы сәтті болса экологиялық апатты бәсеңдетеді.

Келешекте тұрақты даму бағдарламасының үлгісін іске асыру керек. Бұл приоритет өлшемін қамтамасыз етумен, экономика субъектісімен тұрақты дамудың өлшеміне пайдалы. Саясатшылар белгілі мақсатқа бағытталған және ойластырылған инвестициялық тұрақты дамуды талап етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. С.Э.Желаева, В.Е.Сектоев, Е.Д.Цыренова «Институциональные аспекты устойчивого развития социо-эколого-экономических систем различных типов» – Издательство ВСГТУ, Улан-Удэ – 2005 г.
2. Хикс Дж Р. Стоймость и капитал. М, Прогресс, 1988.— С. 219.
3. Керімқұлов С.Е., Отаров Ә.К., Тілеуов Ғ.О. Нарықтық экономикадағы тепе-теңдік /Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ хабаршысы.— 2005. №4. –Б. 92-98.
4. Кучин И. Приближается ли казахстанское общество к состоянию устойчивого развития? //Аль Пари, 2001, №3. –С. 12.
5. Бегун Т.В. Устойчивое развитие: определение, концепция и факторы в контексте моногородов [Текст] /Т.В. Бегун //Экономика, управление, финансы: материалы II междунар. науч. конф. (г. Пермь, декабрь 2012 г.). — Пермь: Меркурий, 2012. — С. 158-163
6. «Наше общее будущее». Доклад Международной комиссии по окружающей среде и развитию (МКОСР) 1987 года.

УДК 339.9

### **ЭТАПЫ УЧАСТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЕВРАЗИЙСКОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИНТЕГРАЦИИ**

Ж.К. Мизамбекова, Е.А. Шаяхметова, Д. Шаршанкулова

Казахский университет технологии и бизнеса.  
г. Астана, Казахстан

Особенностью мирового рынка в настоящее время является развитие межгосударственных форм его регулирования через мировые торговые